

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ халқы өз тарихында іргелес отырған көршілес елдермен мәдени, саяси-экономикалық байланыс орнатты. Соған сәйкес бірнеше ғасырлық даму барысында қазақ тілі мен өзге тілдер арасында әртүрлі деңгейде тілдік байланыстар қалыптасты. Осындай өзара тілдік байланыстар мен халықтар арасындағы қарым-қатынастар барысында бір тілден екінші тілге сөз алмасуы – қалыпты құбылыс.

Кез келген тіл өзінің ішкі мүмкіндігін барынша ұтымды пайдалану арқылы жаңа сөздер тудырумен бірге, өзге тілдерден сөз алмасу арқылы да лексикалық қорын байыта алады. Бұл қазақ тіліне де тән. Қазіргі қазақ тілінің жалпылексикалық және терминологиялық қорындағы араб, парсы, моңғол, қытай, грек, латын, ағылшын, неміс, француз, орыс тілдерінің сөздері мен ғылыми терминдері сан ғасырлық тілдік байланыстар барысында еніп, сөздік құрамды толықтырды. Қазақ тіліне әр кезеңде енген кірме сөздер тілші ғалымдар, шет тілі мамандары тарапынан біршама зерттелді. Әсіресе араб, парсы тілдерінен енген сөздер Н.Оңдасынов, Л.Рүстемов сияқты белгілі ғалымдар зерттеулеріне арқау болып, сөздіктер де жарық көрді.

Тілімізде қолданылып жүрген әртүрлі тілден енген бірқатар кірме сөздің қай тілдің сөзі екендігі, түпнұсқа тілдегі бастапқы мағынасы мен қазіргі қолданыстағы мағынасының айырмашылықтары, тұлғалық өзгерістерге ұшырауы мен ұлт тіліне қабылдануының тілдік және тілден тыс себептері зерттелді, анықталды.

Дегенмен ұлтымыздың тарихи дамуының әр кезеңінде Батыс пен Шығыс тілдерінен қазақ тіліне енген кірме сөздерді барынша мол қамтыған көлемді сөздік осы уақытқа дейін жарық көрмеді. Ғылым мен технологияның қарқынды дамуына байланысты қазіргі кезеңде де шет тілдердің сөздері қазақ тілінің лексикалық, терминдік қорын күн сайын толықтырып, толассыз еніп жатыр.

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап орыс тілі арқылы дыбыстық тұрғыдан ұлт тіліне бейімделмей алынған кірме сөздер саны еселеп көбейсе, кейінгі ширек ғасыр көлемінде де осы дәстүр жалғасын тауып келеді. Әсіресе ағылшын сөздері санының күрт өсуі байқалады. Бұлардың ішінде ағылшын тілінен тікелей еніп жатқан сөздер де баршылық. 100 жаңа оқулықтың қазақ тіліне аударылуына байланысты шет тілдерден енген сала терминдерінің қатары тағы да арта түсті. Осы үрдістің өзі кірме сөздер мәселесіне айрықша көңіл бөліп, оларды уақытылы тіркеп, түстеп-түгендеп, мән-мағынасын ашып, пайда-зиянын ғылыми тұрғыдан зерттеп-зерделеп, тілге қабылдаудың қағидаттары мен ереже-тәртіптерін белгілеу керектігін алға тартып, мамандарға міндет артып отыр. Сондықтан қазіргі уақытта олардың мағынасын түсіндіріп, қай тілден енгенін көрсетіп бере алатын арнаулы сөздік мектеп оқушыларынан бастап барша қауымға аса қажет. Қолдарыңыздағы сөздік – осы қажеттілікті өтеу мақсатымен қолға алынып, бірнеше тілден енген кірме сөздерді қамти отырып жасалған қазақ тіліндегі алғашқы көлемді еңбек.

Сөздікте ағылшын, араб, парсы, грек, латын, француз, неміс, испан, португал, орыс, моңғол, түрік және өзге де тілдерден енген 9 мыңға тарта кірме сөздің мағынасы түсіндіріледі. Негізінен, қазіргі жалпы әдеби тілде қолданылатын кірме сөздерді барынша қамтуды көздедік. Сонымен қатар бүгінгі тіл тұтынушыларына аса таныс болмағанымен ұлт тілі дамуының өткен кезеңдерінде жиі қолданылған, діни қисса-дастандар мен тұрақты тіркестердің құрамындағы мағынасы көмескіленген кейбір араб, парсы сөздері де бұл басылымға енгізілді.

Түрлі ғылым салаларының терминологиясында кірме терминдердің мыңдап саналатыны белгілі. Жалпы, әдеби тілде қолданылмайтын немесе өте сирек қолданылатын, арнаулы саланың мамандарына ғана таныс ондай терминдер мен номендерді бұл сөздікке енгізуді мақсат етпедік. Олардың ғылыми анықтамасы салалық терминологиялық түсіндірме сөздіктер мен энциклопедиялық сөздіктерде беріліп, мағынасы түсіндірілетіндігі ескерілді. Сөздікке тек көпшілікке кең тараған, оқулықтар мен түрлі басылымдарда жиі қолданылатын, жұртшылық көп іздейтін терминдер алынды.

Сөздікті қолданушылардың ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, осы басылымға енбей қалған және тілімізге жаңадан қосылған кірме сөздерді әлі де жинақтап, сөздіктің келесі басылымдарын толықтырып, жетілдіріп отыру міндетіміз деп білеміз.

Шерубай Құрманбайұлы,
*филология ғылымының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА-ның корр. мүшесі*